

**А.Қ. ЖАНИБЕКОВ  
Б.Р. ТАУБАЕВ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ҚАУПСІЗДІКТІ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**МОНОГРАФИЯ**

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2015

УДК 343. 81(574)  
ОӘК 343.96:008

**Рецензенттер:** з.ғ.д., профессор Л.Ш. Берсугурова  
з.ғ.д., профессор С.К. Журсимбаев  
з.ғ.к., доцент Б.А. Сериев

**А.Қ. Жанибеков, Б.Р. Таубаев.** Қазақстан Республикасындағы пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 165 б.

Монография баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылды.

ISBN

Бұл монографиялық еңбекте Қазақстан Республикасындағы пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мәселелері қарастырылады. Пенитенциарлық қауіпсіздікті ұғымына және онымен сабақтас терминдер мен ағымдарға түсінік және анықтама беріле отырып аса өзекті қоғамдық мәселелер жан-жақты қозғалады әрі талқыланады. Сонымен қатар пенитенциарлық қауіпсіздікке қауіп төндіруі мүмкін факторлардың жүйесі қарастырылып оларды алдын алудың жолы ретінде сотталғандарды түзеу проблемалары талданып, сәйкес шешімдері ұсынылған.

ISBN

Жанибеков А.Қ., Таубаев Б.Р.

БЕЛ  
КІРІ  
1 ПЕН  
ҚАУ  
1.1 ПЕН  
1.2 Қам  
аясь  
1.3 Шет  
қауі  
1.4 ПЕН  
2 ПЕН  
ЖҮ  
2.1 Сот  
экс  
2.2 Бас  
2.3 Сот  
3 ПЕН  
ЕТ  
3.1 ПЕН  
сот  
3.2 Реж  
сот  
3.3 Қо  
ету  
3.4 Со  
пен  
3.5 Со  
қа  
ҚО  
П

МАЗМҰНЫ

	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
	КІРІСПЕ.....	4
1	<b>ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚОҒАМДЫҚ</b> <b>ҚАУІПСІЗДІК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БІР ТҮРІ РЕТІНДЕ....</b>	<b>10</b>
1.1	Пенитенциарлық қауіпсіздіктің түсінігі.....	10
1.2	Қамаудағылар мен сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясындағы халықаралық стандарт тар.....	25
1.3	Шетелдердің қылмыстық атқару жүйесіндегі пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибелері.....	34
1.4	Пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетігі.....	43
2	<b>ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ФАКТОРЛАРЫНЫҢ</b> <b>ЖҮЙЕСІ.....</b>	<b>50</b>
2.1	Сотталғандардың арасындағы шиеленістер мен топтық эксцесстер.....	50
2.2	Бас бостандығынан айыру орындарында адамдарды кепілге алу	69
2.3	Сотталғандардың арасындағы зорлық зомбылық.....	83
3	<b>ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ</b> <b>ЕТУ ТЕТІГІНДЕГІ СОТТАЛҒАНДАРДЫ ТҮЗЕУДІҢ РОЛІ....</b>	<b>99</b>
3.1	Пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетігіндегі сотталғандарды түзеудің мақсаты және міндеттері.....	99
3.2	Режим пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетігіндегі сотталғандарды түзеудің әдісі ретінде.....	109
3.3	Қоғамға пайдалы еңбек пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің факторы ретінде.....	124
3.4	Сотталғандарға білім беру және оларды кәсіби дайындау пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің факторы ретінде	131
3.5	Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің факторы ретінде.....	137
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>142</b>
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>153</b>

## КІРІСПЕ

Қауіпсіздік проблемасы әрқашанда ғалымдардың, тәжірибедегі қызметкерлердің, белгілі саясаткерлердің назарын аудартуда, өйткені қауіпсіздік адам мен жеке бастың, қоғам мен мемлекеттің өмір сүруінің қажетті шарты болып табылады. Ол соңғы кездері айрықша өзектілікке ие бола бастады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне қоғам мен мемлекеттің қызметінің барлық аясында саясатта, идеологияда, экономикада, қоғамдық және мемлекеттік ұйымдардың қызметінде, пенитенциарлық жүйеде де ерекше назар аударылуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезенге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығына сәйкес бас бостандығынан айыру орындары үшін жеке адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жазаның осы түрін өтеп жатқан адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы маңыздылығы карастырылған болатын [1].

Пенитенциарлық жүйедегі кез келген құқықбұзушылық сотталғандар үшін, пенитенциарлық мекемелердің қызметкерлері үшін, тұтастай алғанда пенитенциарлық жүйенің бірқалыпты қызметі үшін, нәтижесінде мемлекетпен қоғам үшін жағымсыз салдар тудыруы мүмкін. Бұл пенитенциарлық жүйенің қоғам мен мемлекеттің ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі алатын орнының маңыздылығын көрсетеді. Пенитенциарлық жүйенің мемлекеттегі қылмыстылықпен күреске және қоғамдық қауіпсіздікті, қоғамдық және мемлекеттік институттар мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуы мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан қылмыстылықпен күреспен расталады.

Соңғы жылдары орын алған әлеуметтік экономикалық, саяси, құқықтық салалардағы елеулі өзгерістер пенитенциарлық жүйенің қызметіне елеулі ықпалын тигізді. Бас бостандығынан айыру орындарындағы жүріп жатқан ізгіліктендіру процесі, атап айтсақ пенитенциарлық жүйені ҚР Ішкі істер министрлігінен алып ҚР Әділет министрлігіне беруі сотталғандарда «барлығын жасауға» болады деген түсінік қалыптастырды, ал қызметкерлердің жаңа жағдайда жұмыс жасауға дайын еместігін көрсетті. Бұл пенитенциарлық жүйені басқару деңгейін төмендетті, кейбір жағдайларда басқару тізгіні жоғалтуға және оның қауіпсіздік деңгейінің күрт төмендеуіне әкеліп соқтырды. Осы туындаған салдарды жою үшін пенитенциарлық жүйе ҚР Әділет министрлігінен алып ҚР Ішкі істер министрлігіне қайта берілді [2].

Сотталғандар арасында аутоагрессиялық құбылыстардың, зорлық зомбылық іс әрекеттердің өсуі, пенитенциарлық жүйенің ішкі қауіпсіздігінің бұзылғандығын көрсетеді.

Қауіпсіздік проблемасы өте күрделі және жан жақты мазмұнға ие. Оның әртүрлі қырлары әртүрлі ғылым салаларының философия, әлеуметтану,